

## ШАҒАЛАЛЫ I, II ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ҚОНЫСТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫ

Еуразия даласында жақсы зерттелген дәуірлердің бірі қола дәуірі. Көп мағлұмат жиналған. Аумақ Енисейден сонау Тянь-Шаньға дейін созылған. Дегенмен кей жағдайлар дәлелсіз, түсініксіз қалуда. Көші-қон әсері де болар. Қазіргі зерттеулер, қызықты және өте маңызды сұрақтарға жауап қатады. Шағалалы II (Павловка) қонысы Көкшетау қаласының оңтүстік жағында 40 км жерде Шағалалы (Чаглинка) өзенінің бойында орын тебеді. Қоныстың айналасы биік төмпешіктермен және өзен жағасындағы жарлармен қоршалған. Аумағы 50 мың кв. м. Нақтылай солтүстік Қазақстанның қола дәуірі кезеңі 1956-1960 ж. А.М. Оразбаевтың экспедициясында зерттелген болатын (Оразбаев, 1958, с.216). Басты объект Павловка (16 тұрғын үй зерттелді) болып табылады. Шағалалы II қонысы Т.С. Малютина қазбаларының бірнеше рет зерттеу объектісі болған. Шағалалы II (Павловка II) қонысын 1956 ж. К.А. Ақышев ашқан (Акишев, 1959, с.3), 1972 ж. осы қоныс екінші рет М.К. Хабдулинаның бастауымен зерттелген болатын. Ескерткіш аумағы Шағалалы өзені бойында орын тебеді. Қонысоң жағалауда орналасқан, Павловка елді мекенінен 2 километр, ал Кеңөткел жерінен 4 км жерде, Зеренді районы, Көкшетау облысында орналасқан. Есіл археологиялық отряды 2003 ж. Қорғау жұмыстарын бастаған еді. Өзен жағасы тазаланған болатын. Керекті материалдар жиналған. Бүгінгі таңда Еуразия ұлттық университетінің К.А. Ақышев атындағы археологиялық зерттеу институты қазба жұмыстарын жалғастыру үстінде (Акишев, Хасенова, 2003, с.22). Шағалалы II қола дәуірінің қонысында археологиялық зерттеулер Сәкенов Серғазының жетекшілігімен өтуде. Студенттердің жыл сайынғы тәжірибелік экспедициялары ойдағыдай өтіп, өз жемісін беруде. Студенттер қатарынан да қызығушылық танылуда. Бұл қызығушылықты тудырып отырған ұстаздар мен кафедра меңгерушілердің ерең еңбегі. Табиғи жағдайға байланысты жойлу қауыпы бар Шағалалы II қонысы басты зерттеу объектісіне айналды.

*Шағалалы I (Павловка 1) А.М. Оразбаевтың зерттеулерінің нәтижелері.* Кейінгі қола дәуірі кезеңі Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан елді мекендері мен жерлерінде қажетінше зерттелген. Ақырғы кездегі зерттеулерінің арқасында кейінгі қола дәуірі кезеңіндегі баспаналардың формасы мен түрлері жайлы мағлұмат бар. Солтүстік және Орталық Қазақстан елді мекендеріндегі тұрғындардың күн көрістері мен мал шаруашылығы жартылай көшпелі болғандықтан, қола дәуіріндегі баспаналар кейпі бір-біріне ұқсас келеді. Негізінен баспаналар жертөле ұқсас жартылай жер астына салынған, мысалға Солтүстік Қазақстан аймағында ауа райы суық болғандықтан, баспаналар жерге әбден кіріккен, ал орталық және оңтүстік Қазақстан аймағында баспана негізі жер бетінде көбірек шығарылып салынған. Дәл Шағаланың өзінде екі бөлмелі баспаналар да кездесіп жатты. Баспаналар қасында мал қамайтын қоршаулары болған. Ал сырқау және сүт өнімін беретін төрт түлік бөлігін, баспана маңында немесе баспана ішінде қамап ұстаған. Қоныс жалпылай Шағалалы өзенінің ескі ағысының, оң жағалауының ең биік тұсында, Ақмола облысы, Красноармейск ауданынан 3 км жерде орын тебеді. Орналасу жері де арнайы таңдалған, себебі өзеннің солтүстік-батыс аймағында орналасқан биік төбелер, елді мекенді солтүстік батыстан соққан суық желден қорғаған. Қоныстың аумағы оңтүстіктен солтүстікке қарай 245 м, ені 55 м болған. Жалпы 13475 м<sup>2</sup> шаршыны құраған. Мұнда 16 жертөле қалдықтары табылған. Батыс жағындағы баспаналардың пішімдері өзгешелеу. Мысалы ең

кішілерінің аумағы 120 м<sup>2</sup>, үлкендері 585 м<sup>2</sup> шаршы болған. Әр баспана өзінше өлшеммен салынған. Бірақ, баспана салу барысында қолданған құрылыс материалдары мен жоспарлары бірдей болған. Сондықтан ары қарай баспананың біреуі жайлы мағлұмат беріп кетсек.

*Тұрғын үйлерді зерттеу нәтижелері.* Барлық баспана өзеннің оң жағында салынған. Зерттелген тұрғын үйлер көрінісі, бұрыштары дөңгелек келген. Ені 12 м, солтүстік-шығысқа тартылған ұзындығы 18 м, ал оңтүстік-батыс 20 м, орталық бөлігінің тереңдігі 30-35 см. Ары қарай зерттеу кезінде 40-50см тереңдікте қыш ыдыстармен үй жануарлар сүйегі табылған (сиыр-266, жылқы-143, ұсақ мүйізді мал-159) және де жабайы аңдар (1 түлкі, 2 жыртқыш және 1 құс). Солтүстік-шығыс қабырғадан 4 шұңқыр байқалады, олардың бір-бірімен ара қашықтығы 1-1.2 м. Диаметрі 15-20 см. Үш жақтан (солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс) 20см қиылысқан шіріген ағаш қалдықтары көрінеді. Солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс қабырға маңында қоңырша келген ағаш шірігі анық көрінеді. Осыған қарап, тік бұрышты пішінде ұзындығы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылған Баспананың мәдени қабатында табылған заттар: 1) қола құралдар, пышақ ұшы, жебе, түйме, түтікше; 2) сүйек құралдары, тескіш құралдар, тор өретін біз, түйме; 3) тас құралдар-рудоұсатқыш (Оразбаев, 1970, с.129).

*Шағалалы II (Павловка II) қонысында Т.С. Малютиннің зерттеулер жұмыстарының нәтижелері (Малютина, 1997,с.3-24).* Шағалалы II (Павловка II) қонысын 1956 ж. К.А. Ақышев ашқан. 1972 ж. Осы қоныс екінші рет М.К. Хабдулинаның бастауымен зерттелген болатын. Қонысоң жағалауда орналасқан, Павловка II елді мекенінен 2 километр, ал Кеңөткел жерінен 4 км жерде, Зеренді ауданы, Ақмола облысында орналасқан. Қоныстың орталық бөлігі 0,5 – 0,8 м-ге жағалаудан биігірек орналасқан. Ескерткіштің жалпы орны 28000 кв. м. Әр баспана өзінше пішінінің аумақтарымен ерекшеленеді. Жалпы оңтүстіктен солтүстікке қарай ұзындығы 4,35 м, ені 1,15 м. Мәдени қабат қуаты 0,5 м, дерн - 0,1 м, қарашірік 0,3-0,4 м. Тереңірек мәдени горизонт қабатарында үй жануарлары сүйегі кездеседі. Алғашқы қазба жұмыстарында түгелдей 483 кв. м қазылған. Келесі баспаналардың бірі тік бұрышты пішінде ұзындығы 18 м, ені 9,5 – 10 м. Оңтүстік батыс және солтүстік шығыс бойымен орналасқан. Қазба жұмыстары кезінде ағаш қалдықтары мен ағаш шіріктері көп табылған. Баспана ішінде, қазықтардың шұңқырынан басқа, тағы 25 шұңқыр табылған. Олардың да сол қазықтардың орны болуы мүмкін. Шұңқыр дөңгелек пішінде, диаметрі 1,2 м, тереңдігі 0,2 м, қабырға вертикальді, күлмен толтырылған. Шығыс бөлігіндегі шұңқырлар баспана бөлігінде кешіректеу ойылған сияқты. Оның диаметрі 1,6 м, күлмен толтырылған, түсі мен ерекшеленеді. Олардың тек өрт қалдықтары ғана болмауы мүмкін. Бұл жерде өрт жағатын жер болған.

*Шағалалы II (Павловка II) қонысында ғылыми зерттеу жұмыстарын С. К. Сакенов жалғастыруда.* 2010 Шағалалы II (Павловка II) қонысындағы археологиялық қазба жұмыстарын жалғастырды (Сакенов, 2011, с.335). Шағалалы өзенінің бойындағы қола дәуірі ескерткіштері бір-біріне топографиялық және планиграфиялық жағынан ұқсас келеді. Қола дәуірінің тұрғын үйлері биікте орналасқан болатын, сондықтан қазба жұмыстары кезінде оның екі бөлмелі екендігі айқын болды. Бірінші бөлме жарты шеңбер фигуралы болып, оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталған. Аумағы 7,20x5,60 м. Екінші бөлме төртбұрышты және 5,70x2,40 м аумақты, батысан шығысқа қарай бағытталған. Қазба жұмыстары барысында 40 см тереңдікте баспана контуры 80,70x60,50 аумақты қаратопрак дақ айқын көрінеді.

Тұрғын үйдің оңтүстік батыс бұрышында ені 1,60 м, ұзындығы 2,20 м болатын кіре беріс орналасқан. Осы деңгейден баспананың барлық периметрі бойынша қалың қабатпен күл жатыр, ал солтүстік бөлігінде күлдің жиналуы 18 м<sup>2</sup>

жерді алып жатыр. Күл қабатында керамика фрагменттері қола дәуірінің қонстарында жиі кездесетін артефактар қатарына жатады. Тұрғын үй котлавандары 80-100 см. тереңдікке дейін тазаланған. Баспананың ортасынан бір-біріне параллель тіреу шұңқырлары орналасқан. Қабырға бойымен де 1,2-1,5 м. шұңқырлары табылған. Осы тіреулер қабырғаларға тіреу ретінде орналасқан. Баспананың мәдени қабаты шіріген және жаңған ағаш конструкциямен ғана шектеледі. Баспананың есігінің болғандығын арасы 1 метр болатын екі қазық (20-30 диаметрлі) дәлел болып отыр. Баспананың оңтүстік шығыс бұрышында 80 см тереңдікте нұра типтегі қыш ыдыс табылған, ал оның қасында жануар сүйектері кездеседі. Табылған керамикаларды үш топқа бөлуге болады:

Бірінші топ: Орталық Азия керамикасы, 10-15 см тереңдікте. Екінші топ: кейінгі қола дәуірі керамикасы, 15-40 см тереңдікте. Үшінші топ: нұра кезеңі керамикасы, 40-80 см тереңдікте. Күл қабатында келесі бұйымдар табылған болатын: Жіңішке қола пышақ ұз. 17,5 см; қола зергерлік құралы, квадрат қалыңдығы 0,4 см.; дөңгелек сүйек моншақтары (диаметрі 2 см.); Тас қайрақ 4x2 см беті жылтырлатылған.

Құралдар, Шағалалы II қонысында табылған, қола дәуіріндегі аймақты зерттеудің, қазба жұмыстардың жемісі болып табылады.

*Қорытынды:* 1956-1960жж экспедициядағы А.М. Оразбаевтың зерттеулері бойынша Шағалалы қонысында 16 тұрғын үйлер зерттелді, олардың толығымен ғылыми сипаттамалары жасалған. Сонымен қатар табылған баспаналардың формалары бірдей болғанымен көлемдері әр түрлі болған. Ең кіші баспаналардың аумағы 120 м<sup>2</sup> болса, үлкендері 585 м<sup>2</sup> шаршы болған. Археологиялық қазба жұмыстар нәтижесінде тіпті екі бөлмелі баспаналарда зерттелді. Баспаналар жартылай жертөле болып келеді, себебі мұндай баспана ауа райына бейімделіп салынған. Шағалалы I қонысының жалпы аумағы 13475 м<sup>2</sup> шаршыны құраса, Т.С. Малютиннің зерттеуі бойынша Шағалалы II қонысының жалпы көлемі 28000 кв. м. аумақты құрайды. Т.С. Малютиннің зерттеулерінде тұрғын үйлер ағаш шіріктері мен жанған қалдықтары арқылы, көне тұрғын үйлерге ғылыми қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген. С. Сәкеновтың зерттеуі бойынша Шағалалы II қонысында да баспаналар екі бөлмелі екендігі айтылады. Оны жанған ағаш қалдықтары мен тіреу, қазықтардың шіріктері арқылы дәлелденді. Сонымен қатар Шағалалы II қонысынан қола дәуіріне жататын зергерлік бұйымдар, сүйек моншақтар, қола пышақ және т.б. құралдар табылып, қоныста адамдар ұзақ жылдары мекенегенің білдіреді. Шағалалы I, II қола дәуірінің қоныстары білікті археологтардың зерттеуімен Қазақстан археологиясы жаңа деректерімен толықтырылды. Қазіргі таңда Еуразия ұлттық университетінің, Ақышев атындағы археологиялық ғылыми зерттеу институтының аға қызметкері, археолог С. Сәкенов Шағалалы II қонысын зерттеуді қолға алып жалғастыруда. Зерттеу жұмыстарының басты мақсаты табиғи жағдайларға байланысты жойлу үстіндегі көне металлургиялардың қоныстарына құтқару археологиялық зерттеу жұмыстары болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Акишев К.А. Памятники старины Северного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. Археология. – Алма-Ата, 1959. – Т.7. – С. 3-31.

Акишев К.А., Хасенова Б.М. Работы на поселении эпохи бронзы Павловка // Работы Ишимской стационарной археологической экспедиции в 2003 году. Отчет. – Астана, 2004.

Оразбаев А.М. Северный Казахстан в эпоху бронзы // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Алма-Ата, 1958. – Т.5. – 216 с.

Оразбаев А.М. Поселение Чаглинка (Шагалалы). Некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата, 1970. – С. 129-146.

Малютина Т.С. Поселение и могильник Павловка // Отчет о полевых исследованиях УКАЭ в Казахстане в 1982-83 гг. – Челябинск, 1987. – С. 3-26.

Сакенов С.К. Археологические работы на поселении Шагалалы II (Павловка) в 2010 г. // «Маргулановские чтения-2011». – Астана, 2011. – С. 335-340.